Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Ойл Транспорт Корпорейшэн", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың (бұдан әрі - Қызметтер) талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Орындаушы _____ мемлекетінің заңнамасына сәйкес тіркелген тұлға болып табылады, салықтық тіркеу нөмірі: _____ (осы тармақ Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда толтырылады).

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Орындаушы Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, оның ішінде Шарт жасалған кезде көрсетілетін Қызметтердің толық көлемін немесе оларды көрсету үшін қажетті шығыстардың толық көлемін алдын ала болжау мүмкін болмаған жағдайда да. Егер Шартта ескерілмеген, бірақ Қызметтерді аяқтау үшін қажетті Қызметтер көлемі анықталса, Орындаушы Шартқа қосымшаларда ескерілмеген осы Қызметтерді өз күшімен және мүмкіндігінше қысқа мерзімде Орындаушының күтпеген шығыстары есебінен, Шарт сомасын ұлғайтпай орындайды. Кез келген жағдайда Орындаушыда жоғарыда көрсетілген анықталған Қызметтер көлемін орындауға жұмсалған шығындарды Тапсырыс берушіден өтеуді талап ету құқығы туындамайды.

2.1.2. Егер Орындаушының нақты шығыстары бағаны (сметаны) айқындау кезінде ескерілген шығыстардан аз болып шықса және Орындаушы қол жеткізген үнем көрсетілген Қызметтердің сапасына теріс әсер етпесе, Тапсырыс беруші мұндай үнемді Тараптар арасында тең бөлісуді талап етуге құқылы.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Аралық төлем көзделген шарттар үшін:

2.3.1.1. Орындалған Қызметтер көлемінің [пайызын көрсетіңіз] ([жазбаша]) %-ы Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған Көрсетілген қызметтер актісіне/Қызметтер көрсету бойынша кезекті кезеңнің көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап, оның негізінде шот-фактура/төлемге арналған шот (инвойс) жазылып берілгеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төленеді. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың әрқайсысында Шарттың нөмірі көрсетілуге тиіс.

2.3.1.2. Орындалған Қызметтер көлемінің [пайызын көрсетіңіз] ([жазбаша]) %-ы Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерін 100 (жүз) % орындағаннан кейін, Шарттың 2.4-тармағында көзделген тәртіппен және мерзімдерде төленеді.

2.3.2. Егер Шартқа №1 қосымшада алдын ала төлем көзделген болса, мұндай алдын ала төлем Орындаушы Шартта айқындалған аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді және төлемге арналған шотты ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады, бұл ретте қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі Шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін болуы тиіс. Аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттеме Орындаушыға, егер ол Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін болса, қолданылмайды. Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда, Шарт бойынша төлем Тапсырыс беруші тарапынан аванс төлемей жүзеге асырылады. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, мұндай аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.4. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі-Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Акт(ілер) – Шарт бойынша міндеттемелердің орындалғанын растайтын, Тапсырыс берушінің https://avr.otk.kz веб-порталында қалыптастырылатын және Тараптардың уәкілетті өкілдері электрондық цифрлық қолтаңбалары (ЭЦҚ) арқылы қол қоятын көрсетілген қызметтердің актісі (актілері)».

2.4.3. Акт _____ (қажет болған жағдайда, егер Қызметтерді көрсету кезінде оларды рәсімдеу талап етілсе, өзге де Актілер көрсетіледі, мысалы: дезактивациялау актісі және кәдеге жарату актісі және т.б.);

2.4.4. Шот-фактура;

2.4.5. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті есеп айырысу кезінде рәсімделеді).

2.5. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.6. Шарттың 2.5-тармағының талаптарына қосымша, Орындаушы Тапсырыс берушінің https://avr.otk.kz мекенжайы бойынша орналасқан веб-порталында көрсетілген қызметтер актісін (актілерін) ресімдеп, оған (оларға) қол қойғаннан кейін, тиісті көрсетілген қызметтер актісін (актілерін) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ЭСАЖ веб-порталында белгіленген тәртіппен қалыптастыруды, оған (оларға) қол қоюды және орналастыруды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл ретте, екі ақпараттық жүйеде де ресімделген көрсетілген қызметтер актілерінде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау көлеміне, құнына және кезеңіне қатысты мәліметтер бірдей болуға тиіс.Тапсырыс берушінің веб-порталында актіні ресімдеу және оған қол қою Орындаушыны аталған актіні «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ЭСАЖ веб-порталында ресімдеу және орналастыру міндетінен босатпайды.

2.7. Шот/шот-фактура Көрсетілген қызметтер актісі негізінде жазылады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес және Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы (күні көрсетілуі) тиіс.

2.8. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотқа толық немесе ішінара қарсылық білдірсе, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыға дереу хабарлауға тиіс, ал Орындаушы дауды Тапсырыс берушінің пайдасына шешу нәтижесі бойынша дауланбайтын сома бөлігіне қайтадан шот ұсынуға тиіс. Тапсырыс беруші мен Орындаушы даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін барынша күш салуға тиіс.

2.9. Кез келген шот-фактура бойынша төлеу, төлемеу немесе төлеуге қарсылық білдіру фактісі, кез келген дауды реттеу кезінде жүргізілген кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Орындаушының шот-фактураларын мойындауын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем шотта көрсетілген кез келген соманың негізділігіне кейіннен дау айту құқығын сақтай отырып жүзеге асырылады.

2.10. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу жүзеге асырылғанға дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды. Орындаушы Тапсырыс берушіден өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны қол қоюға және Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді.

2.11. Орындаушымен есеп айырысу кезінде Орындаушы Тапсырыс берушінің Орындаушыға біржақты тәртіппен Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленуге тиіс соманы өзара есепке алу тәртібімен мынадай сомалар мөлшеріне азайтуға құқылы екендігімен келіседі: - Орындаушының Тапсырыс беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші ұсынатын айыппұл санкцияларының және/немесе залалдардың сомасына; - төленген аванстар сомасына; - Орындаушының Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешек сомасына.

2.12. Осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалғандай, Орындаушыға көрсетілген Қызметтер үшін тиесілі төлем бойынша берешекті өтеуге бағытталады.

2.13. Осы Шарт бойынша Орындаушының Қазақстан Республикасындағы мекенжайына ақша аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде ақша аударуға байланысты барлық өзге де шығыстарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, корреспондент банктердің банктік комиссияларын Орындаушы көтереді. Орындаушы Тапсырыс берушінің мекенжайына ақша аударуға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

2.14. Тапсырыс беруші құжаттар топтамасының, оның ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісінің тиісінше рәсімделмеуіне және/немесе төлем жасау үшін уақтылы ұсынылмауына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.15. Шарт бойынша төлем ____ арқылы Шарттың 18-бөлімінде көрсетілген Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүзеге асырылады.

2.16. Тапсырыс беруші мен Орындаушының банктік деректемелері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар мұндай өзгеріс болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бір-бірін алдын ала хабардар етеді. Жоғарыда көрсетілген хабарлау мерзімін бұзу немесе Орындаушының төлем жасау үшін деректемелерді дұрыс көрсетпеуі нәтижесінде төлемдер қате деректемелер бойынша жүзеге асырылған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасау жөніндегі міндеттемелерін тиісінше орындаған болып есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақша қаражаты Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылған жағдайда, Тапсырыс беруші алынған ақша қаражатын Орындаушыға аударуға міндетті, бұл ретте қате деректемелер бойынша ақша аудару нәтижесінде туындаған қосымша шығыстар сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

2.17. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын жеке тұлғалар немесе азаматтығы жоқ тұлғалар, Орындаушының осы Шарт шеңберінде тартылған қызметкерлері және (немесе) Орындаушылары (қоса орындаушылары), не Орындаушының қосалқы орындаушысының (қоса орындаушысының) қызметкерлері болып табылатын тұлғалар (бұдан әрі – қызметкер(лер)) ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын тұлғалар ретінде танылған жағдайда (яғни осы Шартқа қол қойылған; осы Шарт қолданыста болған; көрсетілген қызметтер актісі (актілері) қол қойылған күнтізбелік жыл аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған жағдайда), мұндай Қызметкерлердің табыстарына Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 656-бабына сәйкес жеке табыс салығы (бұдан әрі – ЖТС) салынатыны айқындалған. Қызметкерлердің табыстарынан ЖТС-ты уақтылы және толық ұстау жауапкершілігі салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың келесі тармақшаларында белгіленген тәртіпке сәйкес орындалады.

2.17.1. Салықтық міндеттемесін орындау мақсатында Тапсырыс беруші Шарт бойынша Қызметтер үшін әрбір төлем жүргізген кезде Қызметкерлерден ЖТС төлеу есебіне әрбір осындай төлем сомасының 80 пайызының 10 пайызы мөлшерінде есептелген соманы ұстап қалады.

2.17.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге №5 қосымшада көрсетілген нысан бойынша барлық Қызметкерлер туралы мәліметтерді көрсете отырып, Қызметкерлердің паспорттарының көшірмелерін (Қызметкерлердің жеке басын куәландыратын заңнамада көзделген өзге де құжаттарды), Қазақстан Республикасының шекарасынан өткендігі туралы шекаралық бақылау-өткізу пунктінің белгілері бар құжаттарды және Қызметкерлердің Қазақстан Республикасында болу уақытын растайтын өзге де құжаттарды қоса бере отырып, ақпаратты мынадай мерзімдерде ұсынады: (1) Шартқа қол қою кезінде (ақпарат шарт жасалған жылдан бұрынғы жылдың 1 қаңтарынан бастап шарт жасалған күнге дейінгі деректерді қамтуға тиіс); (2) Әрбір Көрсетілген қызметтер актісіне қол қою күніне (ақпарат Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған жылдан бұрынғы жылдың 1 қаңтарынан бастап Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күнге дейінгі деректерді қамтуға тиіс). Көрсетілген құжаттар Тапсырыс берушіге әрбір Қызметкердің ағымдағы салық кезеңі аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғанын/болмағанын айқындау және ЖТС сомасын анықтау мақсатында ұсынылады.

2.17.3. Ағымдағы салық кезеңі аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша Көрсетілген қызметтер актісімен бірге мынадай құжаттар ұсынылады: 1) Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір Қызметкермен жасалған жеке еңбек шартының (келісімшарттың) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі; 2) Орындаушы резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында көзделген, Қызметкермен жасалған еңбек шарты және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде жалдамалы еңбек бойынша алынатын Қызметкердің табыстары туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжат.

2.17.4. Осы Шарттың 2.17.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы Орындаушыға Шарттың 2.17.2 және 2.17.3-тармақшаларына сәйкес ұсынылған құжаттар негізінде соңғы Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (толық немесе ішінара) қайтарылуы мүмкін. Тапсырыс беруші қайтарылатын ЖТС сомасын Шарттың 2.17.5-тармақшасында көрсетілген формула бойынша, Шарт аяқталған күні мынадай талаптар бір мезгілде орындалған жағдайда айқындайды: (1) барлық Қызметкерлер бойынша Шарттың 2.17.2-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылған; (2) Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және ағымдағы салық кезеңі аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша Шарттың 2.17.3-тармақшасында көрсетілген құжаттар белгіленген көлемде және белгіленген мерзімдерде ұсынылған.

2.17.5. Қайтарылатын ЖТС сомасы мынадай тәртіппен айқындалады: **ЖТСқайтар = ЖТСұстал – ТҚ*10%,** мұнда: **ЖТСқайтар** – Орындаушыға қайтарылуға тиіс ЖТС сомасы, **ЖТСұстал** – Шарттың 2.17.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы, **ТҚ** – егер осы табыстар Шарттың 2.17.3-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталған болса, ағымдағы салық кезеңі аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлердің табыстары. Табыс сомасы Шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасының аумағында болған күнтізбелік күндер санына айқындалады.

2.17.6. Орындаушы Шарттың 2.17.2 және 2.17.3-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ осы тармақтың 2.17.2-тармақшасына сәйкес ұсынылған ақпарат негізінде Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Қызметкерлердің кемінде біреуі ағымдағы салық кезеңі аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғаны анықталған және ол бойынша Шарттың 2.17.3-тармақшасы шеңберінде құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс берушінің Шарттың 2.17.1-тармақшасына сәйкес ұстаған ЖТС сомасының толық көлемі Орындаушыға қайтарылуға жатпайды және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Орындаушы осы Шарттың осы тармағын тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді.

2.18. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.19. Осы Шарттың Қазақстан Республикасының Салық кодексі нормаларын қолдануға қатысты кез келген ережелеріне қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінде қамтылған нормалардан өзгеше қағидалар белгіленсе, көрсетілген халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

2.20. Осы арқылы Орындаушы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартының талаптарымен танысқанын және оларды қабылдайтынын растайды.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Қызметтерді көрсету мерзімдері Шартқа №4 қосымшамен айқындалады, ал Қызметтерді көрсету талаптары, көлемі және орны осы Шартқа №1 және №2 қосымшалармен айқындалады, бұл ретте Орындаушы күнтізбелік кестеде көзделген Қызметтерді көрсетуді бастау күнінен немесе кезеңінен бастап [Күндер саны] [(жазбаша)] жұмыс күнінен кешіктірмей Қызметтерді көрсетуге кірісуге міндетті.

3.2. Қызметтерді Тапсырыс беруші Шартқа №1, №2 және №4 қосымшаларға сәйкес көлемі мен сапасы бойынша Көрсетілген қызметтер актісімен қабылдайды. Қызметтерді көрсету күні болып Тапсырыс берушінің Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні есептеледі.

3.3. Шарт бойынша Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Орындаушы өзі және өзінің қосалқы орындаушылары үшін Қызметтерді көрсету мақсатында Тапсырыс берушінің аумағына кіруге арналған Рұқсат-өткізуді Тапсырыс берушіден алуға міндетті. «Рұқсат-өткізу» – Орындаушыға (қосалқы орындаушыға) Қызметтерді көрсету үшін Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіру құқығын беретін және Орындаушының (қосалқы орындаушының) жарақтандырылуының Шартта белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша).

3.4. Рұқсат-өткізуді алу үшін Орындаушы осы Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес Орындаушының Шарт бойынша барлық талаптарға сай жарақтандырылғанын растайтын барлық құжаттарды, оның ішінде құрылтай құжаттарының көшірмелерін және қосалқы орындаушы қызметкерлерінің біліктілігін растайтын құжаттарды, рұқсат беру құжаттарын, оның ішінде лицензияларды, көрсетілетін Қызметтерге арналған сертификаттарды, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды және Шарт бойынша Қызметтерді орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттарын ұсынады, оның ішінде (қажет болған жағдайда) Орындаушының Шарт талаптарына сәйкес жарақтандырылуын тексеру үшін Тапсырыс берушіге Орындаушының өндірістік базасына кіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Құжаттар ұсынылмаған және/немесе тексеру нәтижелері бойынша Орындаушы мәлімдеген жарақтандырылу расталмаған жағдайда, сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Рұқсат-өткізуді беруден бас тарту туралы Тапсырыс берушінің жазбаша жауабы беріледі, бұл ретте Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапты болады. Тапсырыс беруші сондай-ақ осы Шарттың 9.3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау-тапсырудың түпкілікті Актісімен бірге Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне (санына) арналған шарттағы ел ішіндегі құндылықтың үлесін есептеу электрондық құжат нысанында (веб-порталда ұсынылады) Шарттың № 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады. Егер Шарт ұзақ мерзімді болып табылса (он екі айдан астам мерзімге жасалған не Қызметтерді көрсету мерзімі келесі күнтізбелік жылға ауысатын болса), Орындаушы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір күнтізбелік жылдың 20 қаңтарына дейін алдыңғы күнтізбелік жыл үшін көрсетілген Қызметтердің көлеміне қатысты ел ішіндегі құндылық үлесінің аралық нақты есебін/есеп-қисабын ұсынуға міндетті;

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.4. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен білікті мамандармен қызметтер көрсетуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.5. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.10. Егер Шарттың мәніне Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекенмен» (бұдан әрі – ҰКП) келісу бойынша Қордың сатып алу жөніндегі операторымен бекітілген, орындау барысында тауарларды сатып алу тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізілген жұмыстар кіретін болса, Орындаушы тиісті тізбеге енгізілген Қызметтерді көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Қызметтер көрсету шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың тізбесі ҰКП-мен келісу бойынша Қордың сатып алу жөніндегі операторымен бекітіледі. Осы тармақтың талаптары орындалмаған жағдайда, Орындаушы міндеттемені орындамағаны үшін міндеттеме бұзылып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, аталған айыппұл сомасы Орындаушы тарапынан төленуге тиіс немесе Тапсырыс беруші тиісті (қорытынды) Көрсетілген Қызметтер актісіне тараптар қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін. Орындаушының осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау ретінде Орындаушы тараптар тиісті (қорытынды) Көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күнге дейін сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушісінен/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын ұйымнан тауарларды сатып алу туралы шарттың(тардың) көшірмесін(лерін), тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынады. Егер тауардың бағасы, сипаттамалары және жеткізу мерзімдері Шарт талаптарына байланысты Орындаушының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Орындаушы осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Бағасы Орындаушының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге тауар өндіруші/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын ұйым ұсынған тауардың бағасынан төмен бағамен сатып алынған тауардың(лардың) сатып алу шартының(тарының) және қабылдау-беру актісінің(терінің) көшірмесін(лерін) ұсынады;

4.1.11. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түріндегі шарттың жалпы құнынан % 3 мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; Бұл міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.12. Ұзақ мерзімді шарт бойынша (бір жылдан астам мерзімге жасалған) шарттың орындалуын қамтамасыз ету тиісті жылға немесе ұзақ мерзімді Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне ұсынылуға тиіс;

4.1.13. Банктік кепілдік мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

4.1.13.1. Банктің атауы;

4.1.13.2. Банктік кепілдіктің (кепілдік міндеттеменің) нөмірі;

4.1.13.3. Банктік кепілдіктің күні;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.13.4. Орындаушының атауы;

4.1.13.5. Шарттың нөмірі мен күні;

4.1.13.6. Шарттың мәні;

4.1.13.7. Банктік кепілдік сомасы;

4.1.13.8. Банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі.

4.1.14. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісті түрде орындаған күннен бастап немесе тиісті жыл бойынша (ұзақ мерзімді шартта шарттың орындалуын қамтамасыз етуді тиісті жылға енгізу көзделген жағдайда) 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтарады. Орындаушы енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуды Тапсырыс беруші Орындаушыға шарттық міндеттемелердің орындалуының бұзылғанын көрсете отырып, осындай ұстап қалу туралы хабарлама жіберген сәттен бастап 10 күндік мерзім өткеннен кейін жүзеге асыратынына келіседі. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалғаннан кейін қалған сома Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісті түрде орындаған, сондай-ақ Шарт талаптарының жол берген және жоюға болатын бұзушылықтарын жойған күннен бастап (осындай бұзушылықтар орын алған жағдайда) 10 (он) жұмыс күні ішінде, оны Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізбестен қайтарылады. Бұл ретте, Орындаушы Тапсырыс беруші сотқа талап қою арызын бергенге дейін айыппұл санкцияларының толық сомасын ерікті түрде төлеген немесе Шарт талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші Орындаушыға төленуге тиіс сомадан берешекті біржақты тәртіппен ұстап қалған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын ұстамайды және Орындаушы Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілмейді. Орындаушыға Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға немесе тоқтатылғанға дейін енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қатысты үшінші тұлғалардың толықтай немесе ішінара талап ету құқығының туындауына әкелетін әрекеттерді жасауға жол берілмейді.

4.1.15. Шарттың талаптарына және оған қосымшаларға сәйкес Қызметтердің тиісті түрде және уақтылы көрсетілуін қамтамасыз ету;

4.1.16. Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін біліктілігі, тәжірибесі және құзыреттілігі Орындаушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауға мүмкіндік беретін мамандарды тартуға, сондай-ақ мынадай материалдар мен жабдықтарды пайдалануға: - тиісті сападағы, Қазақстан Республикасында қолданылатын қолданыстағы стандарттар мен техникалық талаптарға сәйкес келетін, оның ішінде тасымалдау және тиеу-түсіру жұмыстары кезінде материалдар мен жабдықтардың сақталуын қамтамасыз ететін; - Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану үшін қандай да бір міндеттемелерден және ауыртпалықтардан (Тапсырыс берушіге Қызметтер нәтижесінің құрамында берілетін материалдар мен жабдықтарға қатысты) бос материалдар мен жабдықтарды пайдалануға міндетті;

4.1.17. Тартылған шетелдік персоналға қатысты қазақстандық персонал үшін тең жағдайлар мен еңбекақы төлеуді қамтамасыз ету, оның ішінде:

4.1.17.1. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын Орындаушының жұмыскерлері, сондай-ақ оның бірлесіп орындаушылары арасында, оның ішінде еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу;

4.1.17.2. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған Орындаушының және оның бірлесіп орындаушыларының жұмыскерлерінің саны мен лауазымдары туралы, олардың азаматтығын көрсете отырып, ақпарат ұсыну;

4.1.18. Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде шарттық міндеттемелерді орындау кезінде Орындаушы жұмыскерлерінің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режим талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;

4.1.19. Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысанға сәйкес Шартта көзделген көрсетілген Қызметтерді көрсетілген қызметтер актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактураны жазып беруге;

4.1.20. Орындаушы Шарт шеңберінде Қызметтерді көрсету үшін бірлесіп орындаушыларды тартқан жағдайда, осындай бірлесіп орындаушыларды ескере отырып, көрсетілген Қызметтердегі ел ішіндегі құндылық үлесі туралы есептің ұсынылуын қамтамасыз ету;

4.1.21. Қызметтердегі ел ішіндегі құндылық үлесі туралы ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру;

4.1.22. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес Шартта көзделген барлық Қызметтердің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы, оның ішінде Қызметтерді орындаудың күнтізбелік кестесіне (№4 қосымша), техникалық ерекшелікке (№2 қосымша) сәйкес уақтылы орындалмауы және сапасыз орындалуы үшін Тапсырыс беруші алдында жауапты болу;

4.1.23. Егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, Қызметтерді өз күшімен, сондай-ақ бірлесіп орындаушыларды (бірлесіп орындаушыны) тарту шарттары тендерлік құжаттамада және тендерге қатысуға арналған өтінімде және/немесе Шартқа қосымша болып табылатын техникалық ерекшелікте көзделген жағдайда, бірлесіп орындаушылардың (бірлесіп орындаушының) күшімен және қаражатымен; тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен; өзінің материалдарымен және құралдарымен (құрал-саймандармен және механизмдермен, көлікпен, арнайы техникамен, аспаптармен, ЖЖМ және т.б.) орындауға міндетті. Қызметтер Орындаушы тарапынан қолданыстағы нормалар мен қағидалардың, техникалық талаптардың сақталуымен орындалуға тиіс, сондай-ақ Қызметтер аяқталғаннан кейін жұмыс алаңынан өзінің қосалқы жабдықтарын әкетуді қамтамасыз етуі тиіс;

4.1.24. Егер Шартта өзгеше белгіленбесе, Шартты орындау кезінде Орындаушының (бірлесіп орындаушылардың) жұмыскерлерін тасымалдауды, олардың тұруын және тамақтануын, сондай-ақ техника, жабдықтар мен материалдарды кез келген орналасқан жерден Қызметтер көрсету орнына дейін және кері қарай жұмылдыру мен жұмылдырудан шығаруды өз есебінен қамтамасыз ету. Өзінің жабдығы мен техникасын жарамды жақсы күйде ұстауға және Қызметтер көрсету орнында кез келген уақытта Орындаушының қосалқы бөлшектерінің, жабдықтары мен материалдарының жеткілікті қоры болуын қамтамасыз ету;

4.1.25. Тендерлік өтінімге сәйкес рұқсат етілген бірлесіп орындауға беру көлемін қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толықтай да, ішінара да қандай да бір тұлғаға бермеу;

4.1.26. Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге бірлесіп орындаушыларды тартқан жағдайда, оларды тарту кезінде Тапсырыс берушіге Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы шарттардың көшірмелерін ұсыну. Бірлесіп орындаушылардың болуы Орындаушыны Шарт бойынша материалдық немесе өзге де жауапкершіліктен, оның ішінде өндірістік, еңбек тәртібін және Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларын (ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, өткізу режимін және жатақханаларда тұру қағидаларын және т.б.) бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды. Тапсырыс беруші Орындаушымен жасалған шартты бірлесіп орындаушының бұзуына байланысты талаптарды бірлесіп орындаушыға қоюға құқылы;

4.1.27. Егер Тапсырыс беруші Орындаушының немесе бірлесіп орындаушының жұмыскері болып табылатын тұлғаны Қызметтерді орындаудан шеттетуді сұраса және бұл ретте объективті себептерді көрсетсе, Орындаушы осы тұлғаны Қызметтер көрсетуден шеттетуге және оны 72 сағат ішінде Тапсырыс берушінің аумағынан шығаруға міндетті, бұдан кейін аталған тұлға осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге ешқандай қатысы болмауға тиіс;

4.1.28. Шартты орындау үшін қажетті барлық қолданылатын материалдарды, жабдықтарды, көлікті және арнайы техниканы пайдалануға және пайдалануға беруге дейін Тапсырыс берушімен келісу;

4.1.29. Пайдаланылатын материалдардың/қосалқы бөлшектердің/жинақтаушы бөлшектердің, конструкциялардың, жабдықтардың сапасы үшін толық жауапкершілік көтеруге және олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда оларды ауыстыруға және/немесе Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ақауларды өз есебінен жоюға;

4.1.30. Көрсетілетін Қызметтердің сапасын бақылауды жүргізуге, көрсетілетін Қызметтердегі кемшіліктердің алдын алу және оларды жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

4.1.31. Шартты орындау үшін қажетті және Тапсырыс берушінің аумағында, оның ішінде құрылыс және жұмыс алаңдарында орналасқан материалдардың, жабдықтардың, құрал-саймандардың, көліктің және арнайы техниканың және т.б. (оның ішінде Қызметтер көрсету орнында ұзақ уақыт болатын) сақталуын, сондай-ақ Қызметтер нәтижесінің Тапсырыс беруші қабылдағанға дейін сақталуын өз есебінен қамтамасыз ету;

4.1.32. Қызметтерді көрсету барысында Тапсырыс берушінің мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету;

4.1.33. Тапсырыс берушінің аумағында табылған тарихи, археологиялық, геологиялық немесе өзге де қызығушылық тудыратын, оның ішінде құндылығы бар кез келген олжалар туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға және оларды акт бойынша Тапсырыс берушіге беруге міндетті. Кез келген табылған заттар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады;

4.1.34. Тапсырыс берушіге орындалған Қызметтер туралы нақты және толық ақпарат ұсынуға, сондай-ақ Қызметтердің жинақтаушы ведомосын, барлық атқарушылық және есептік құжаттаманы жүргізуге;

4.1.35. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, алымдарды және өзге де төлемдерді төлеу;

4.1.36. Шот-фактураларды және көрсетілген қызметтер актілерін уақтылы ұсыну;

4.1.37. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көзделген талаптардан төмен емес деңгейде көрсетілетін Қызметтердің тиімділік деңгейіне кепілдік беру;

4.1.38. Көрсетілетін Қызметтер бойынша тәуекелдерді өз есебінен сақтандыруды жүзеге асыру, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыскерлерді өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан сақтандыру, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, оның ішінде қоршаған ортаға келтірілген залалдың салдарын жою шығындарын, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік тәуекелдерін сақтандыру;

4.1.39. Тапсырыс берушінің аумағында Шарт талаптарын, өнеркәсіптік, экологиялық, санитариялық, өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарын, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы

талаптарды, оның ішінде Шартқа №5 қосымшада көзделген талаптарды сақтауға, Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды реттейтін құжаттарға сәйкес Қызметтер көрсетуге, Тапсырыс берушінің аумағында барлық қауіпсіздік шараларының орындалуын өз есебінен қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қызметтер көрсету кезінде жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтамағаны үшін толық жауапкершілік көтеруге. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, Орындаушыға Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы немесе оның Қызметтер көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп есептейтін Қызметтермен ғана шектелуі мүмкін, бұл ретте Орындаушы Қызметтердің тиісінше орындалмауы және/немесе уақтылы орындалмауы үшін жауапты болады;

4.1.40. Шарт бойынша Қызметтерді көрсету кезінде жіберілген бұзушылықтар үшін толық жауапкершілік көтеруге, сондай-ақ Орындаушы және/немесе бірлесіп орындаушылар жол берген, экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі салаларындағы әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеп соққан Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтары үшін уәкілетті мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге салатын кез келген өндіріп алуларды (оның ішінде айыппұл санкцияларын) толық көлемде өтеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық зардаптарды, оның ішінде табиғи ресурстарды қалпына келтіруді толық көлемде жоюды жүзеге асыруға;

4.1.41. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз жұмыскерлерінің еңбек жағдайлары қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Орындаушының/бірлесіп орындаушының жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауына қатысты тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге;

4.1.42. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін рұқсат беру құжаттарын алуға байланысты (қажет болған жағдайда), сондай-ақ уәкілетті органдардың талаптарына байланысты барлық шығындарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, өз бетінше көтеруге: - көрсетілетін Қызметтерге арналған лицензияларды, сертификаттарды; - шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды; - қандай да бір құралдарға, жабдықтарға, технологияларға немесе оларды пайдалануға не дайындауға қатысты құқықтар мен басым құқықтарға байланысты кез келген патент иеленушілер мен лицензия алушылардың талаптарына байланысты туындауы мүмкін шығындарды, оның ішінде Орындаушының Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге байланысты осындай құралдарды, жабдықтарды немесе технологияларды ұсынуы немесе пайдалануы нәтижесінде туындайтын шығындарды. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді; - Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттарын, оның ішінде аурулардың эпидемиологиялық ауқымда таралуына қарсы бағытталған іс-шараларға байланысты құжаттарды.

4.1.43. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салу алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуына байланысты кез келген (дұрыс) ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Қызметтерді көрсетуге қатысты әрекеттердің орындалу мәртебесі туралы ақпаратты және растайтын құжаттарды (мысалы, Орындаушының Қызметтер көрсету үшін материалдарды алғанын растайтын актілердің көшірмелерін және т.б.); Орындаушының (бірлесіп орындаушылардың) жұмыс істейтін персоналының біліктілік құрамы туралы ақпаратты; Қызметтер көрсету үшін тартылатын көлік, арнайы техника, жабдық және олардың құқық белгілейтін және рұқсат беру құжаттары, қолданылатын құрылыс және өзге де материалдар туралы ақпаратты, сондай-ақ Орындаушының шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін ұсынуға;

4.1.44. Мыналарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушіге дереу ескертуге және оның нұсқауларын алғанға дейін Қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға: а) Тапсырыс берушінің Қызметтерді көрсету тәсілі туралы нұсқауларын орындаудың Тапсырыс беруші үшін ықтимал қолайсыз салдары; б) Қызметтер көрсетуді одан әрі жалғастырудың теріс нәтижесі немесе орынсыздығы; в) Орындаушыға байланысты емес, көрсетілетін Қызметтер нәтижелерінің жарамдылығына немесе сапасына қауіп төндіретін не оларды белгіленген мерзімде орындау мүмкіндігін болдырмайтын өзге де мән-жайлар. Қызметтерді орындауды жалғастырудың орындылығы туралы мәселені Тараптар Тапсырыс беруші Қызметтер көрсетуді тоқтата тұру туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешеді;

4.1.45. Шарт жасалған сәттен бастап Тапсырыс берушімен келісілген мерзімдерде Қызметтер көрсетуге тартылатын барлық көлікті техникалық құралдармен (GPS терминалдарымен) жабдықтау. Орындаушының көлігіне орнатылатын GPS терминалдары Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS мониторингі жүйесінің техникалық талаптарына сәйкес келуге тиіс (техникалық талаптар Орындаушының сұрауы бойынша Тапсырыс беруші ұсынады). Осы Шарттың осы тармағының талаптарына сәйкес келмейтін көлікке Тапсырыс берушінің кен орындарының аумағына кіруге рұқсат берілмеуі мүмкін, бұл ретте Орындаушы Шарт бойынша Қызметтердің тиісінше көрсетілмеуі және уақтылы көрсетілмеуі үшін жауапты болады;

4.1.46. Шарт бойынша Тапсырыс берушіге берілген Қызметтер нәтижелеріне үшінші тұлғалардың айрықша және өзге де құқықтарының, сондай-ақ оларға байланысты ақшалай талаптарының болмауын қамтамасыз ету. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы көрсетілген Қызметтер нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтарды Тапсырыс берушіге беруге міндетті;

4.1.47. Орындаушының (бірлесіп орындаушылардың) жұмыскерлерінің Тапсырыс берушінің аумағында Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге байланысты емес орындарға ауысуына (қозғалуына) жол бермеу;

4.1.48. Орындаушының/бірлесіп орындаушының жұмыскерлерін ауысым алдындағы медициналық тексеруден өткізуді өз есебінен қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында уақытша құрылыстарды (вахталық кенттерді) орналастыру кезінде қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге. Қауіпсіздік талаптарына мыналар жатады: бейнебақылау жүйесінің болуы, күзеттің немесе қауіпсіздікке жауапты тұлғаның болуы;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.49. Егер Шартта Қазақстан Республикасында қолданыстағы жобаларға, сметаларға, жұмыс сызбаларына және қолданыстағы нормаларға сәйкес Қызметтер көрсету көзделген болса, Орындаушы Қызметтерді осы құжаттамада көрсетілген талаптарға толық сәйкес орындауға міндетті;

4.1.50. Шарт бойынша Қызметтер көрсету аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынған барлық заттарды (қағаз және электрондық тасымалдағыштардағы ақпаратты, құжаттаманы, сызбаларды және жоспарларды және т.б.) қайтаруға;

4.1.51. Егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін болса, Қызметтер көрсету үшін қажетті отандық тауарларды сатып алуға;

4.1.52. Шарт талаптарын тиісінше орындамау, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттер салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалды өтеуге. Құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген басқа үшінші тұлғалар Орындаушы көрсеткен Қызметтерге қатысты талаптар қойған жағдайда, соның нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынса немесе қандай да бір залал сомалары өндірілсе, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша аталған айыппұл (өсімпұл) және залал сомаларын дереу өтеуге міндетті;

4.1.53. Орындаушы Шартта көзделген Қызметтерді салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып көрсетуге, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдердің уақтылы және дұрыс есептелуін, сондай-ақ салық органына салық есептілігінің дұрыс жасалуын және уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы осы тармақтың және Шарттың өзге де талаптарының тиісінше орындалмаған жағдайда, оның ішінде дұрыс емес ақпарат ұсынған кезде, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша осыған байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген залалды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндетті. Залалды өтеу жөніндегі міндеттеме Тапсырыс беруші үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

4.1.54. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша есепке алынбау (төленбеу) немесе өзара есеп айырысулардың расталмауы фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып кеткен сомасын қайтарудан бас тартылса немесе қосымша салықтар есептеуге жатқызылса, Орындаушы Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылуы бас тартылған ҚҚС асып кеткен сомасының толық көлемін, сондай-ақ барлық өзге де есептелген салықтарды, оның ішінде қаржылық санкцияларды өтеуге міндетті. Осы тармақта көзделген талап тек Орындаушының өзімен тікелей жасалған өзара қатынастармен шектелмейді, сондай-ақ қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, қосылған құн салығының қайтарылмауына және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге ұсынған қосымша салықтар мен қаржылық санкциялардың есептелуіне әкеп соққан Орындаушының жеткізушілерімен өзара қатынастарға да қолданылады;

4.1.55. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі және/немесе тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Орындаушыға қатысты босату шарттарын қолдану мүмкін еместігіне байланысты төлем көзінен ұсталатын салық салудан босатуды негізсіз қолдану фактісін анықтаған жағдайда, Орындаушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге жататын барлық салықтар мен қаржылық міндеттемелер сомасын өтеуге міндетті. Тапсырыс беруші аталған оқиғалардың туындау фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады;

4.1.56. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бейрезидент болып табылса және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құруды талап етпейтін мерзім шегінде қызметтер көрсетсе немесе Қызметтерді орындаса, халықаралық шарт ережелерін қолдану мақсатында мұндай бейрезидент резиденттігін растайтын құжатпен қатар Тапсырыс берушіге мыналарды ұсынады: құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен) үзіндіні немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжатты, онда бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) және ірі акционерлері көрсетіледі. Егер шет мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес бейрезидентте құрылтай құжаттары немесе сауда тізіліміне (акционерлер тізіліміне) не бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжатқа тіркелу міндеті болмаған жағдайда, мұндай бейрезидент салық агентіне мыналарды ұсынады: бейрезидентті құруға негіз болған, оның құқықтық (заңды) күші осындай бейрезидент тіркелген шет мемлекеттің тиісті органымен расталған құжатты (актіні) не бейрезидент қатысушысы болып табылатын шоғырландырылған топтың ұйымдастырушылық құрылымын көрсететін өзге де құжатты, онда оның барлық қатысушыларының атауы және географиялық орналасқан жері (шоғырландырылған топ қатысушылары құрылған (құрылтайланған) мемлекеттердің (аумақтардың) атаулары), сондай-ақ шоғырландырылған топтың барлық қатысушыларының мемлекеттік және салықтық тіркеу нөмірлері көрсетілуге тиіс;

4.1.57. Тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Қызметтерді көрсету барысы туралы ақпарат беруге, сондай-ақ көрсетілетін Қызметтердің көлемі мен сапасын растайтын қажетті құжаттаманы ұсынуға;

4.1.58. Персонал жұмыскерлерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде де, олармен байланысты емес жағдайларда да, оның ішінде Тапсырыс берушінің аумағында болған кезде де, заңсыз әрекеттері нәтижесінде келтірілген залалды, егер залал белгіленген тәртіппен дәлелденсе және заңды күшіне енген сот актісімен расталса, 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтеуге. Залалды өтеу Орындаушының қаражаты есебінен, оның ішінде Тапсырыс беруші Орындаушыға барлық жасалған және қолданыстағы шарттар бойынша төлеуге жататын сомалар есебінен жүзеге асырылуға тиіс. Осы тармақтың қолданылуы Орындаушы Қызметтер көрсетуге тартқан және осы Шарт бойынша жауапты болатын барлық бірлесіп орындаушыларға да қолданылады;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.59. Құрылыс және жұмыс алаңдарын тазалауды, барлық қалдықтар мен құрылыс қоқыстарын жинауды, шығаруды және кәдеге жаратуды Қызметтер көрсету кезеңінде де, олар аяқталғаннан кейін де өз есебінен қамтамасыз етуге;

4.1.60. Қызметтер көрсету тәртібін, Тапсырыс беруші персоналын оқытуды, сондай-ақ жабдықты іске қосу және пайдалану үшін қажетті барлық құжаттарды (егер мұндай жұмыстар Шартта көзделген болса) мемлекеттік қадағалау органдарымен келісуге және оларды кейіннен Тапсырыс берушіге беруге;

4.1.61. Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағына кіру/шығу кезінде, сондай-ақ көлік құралдары, арнайы техника және персонал Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағында қозғалғанда/болғанда, Тапсырыс берушіге және/немесе оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар/күзет қызметтері) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген қозғалысқа арналған рұқсат құжаттарын ұсынуға, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген тұлғалардың талабы бойынша Тапсырыс берушінің және/немесе оның өкілінің (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар/күзет қызметтері) Орындаушының көлік құралдары мен арнайы техникасына, оның ішінде тиісті құжаттарына толық тексеру жүргізуіне мүмкіндік беруге. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге кіргізбеуге, сондай-ақ аумақ шегінен шығаруға немесе Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында құқық бұзушылық немесе қылмыс анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары өкілдерін шақыруға құқылы;

4.1.62. Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға;

4.1.63. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және бұдан әрі ай сайын Шарттың орындалуына тартылған барлық бірлесіп орындаушылар туралы олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен аффилиирлену белгілерінің болуын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге ақпарат ұсынуға. Тапсырыс беруші түпкілікті бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелу мәніне тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады;

4.1.64. Ұзақ мерзімді Шарт жасалған жағдайда (он екі айдан астам мерзімге жасалатын), Орындаушы Шарт бойынша Қызметтер көрсету басталған күннен бастап бір ай ішінде Қызметтерді орындауға тартылған Орындаушының/Бірлесіп орындаушының(-лардың) басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерін «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша оқытуды өз есебінен ұйымдастыруға міндетті;

4.1.65. Тиісті жұмыскерлерге Орындаушының тендерлік өтінімінде көрсетілген еңбекақы мөлшерін Шарттың барлық қолданылу кезеңіне белгілеуге. Орындаушының осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау ретінде Орындаушы есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-күніне дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналарының аударылғанын растайтын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді тоқсан сайын ұсынады;

4.1.66. Әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру жөніндегі шараларды қабылдау шеңберінде, Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Шартқа өзгерістер енгізілген кезде, Шартты орындауға тартылған Орындаушы жұмыскерлерінің еңбекақысын және әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарын тиісті түрде ұлғайтуға. Орындаушының осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау ретінде Орындаушы есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-күніне дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналарының аударылғанын растайтын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді, сондай-ақ Орындаушы жұмыскерлерін әлеуметтік қолдауға арналған шығыстардың ұлғайғанын растайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынады;

4.1.67. Шартта көзделмеген, бірақ Шарт бойынша Қызметтер көрсету талаптарынан туындайтын өзге де міндеттерді орындауға;

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

4.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.7. Тапсырыс берушіден, егер Шартта аванстың (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету және/немесе Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізу көзделген болса, аванстың (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді және/немесе енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Орындаушыға енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді оның Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға;

4.3.6. Көрсетілген Қызметтер актісі бойынша көрсетілген Қызметтерді Орындаушыдан аталған құжатты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдауға немесе көрсетілген мерзімде көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тартуды жіберуге. Көрсетілген Қызметтерде кемшіліктер болған жағдайда, оларды жою мерзімін көрсете отырып, Орындаушыға кемшіліктер тізбесін жіберуге;

4.3.7. Көрсетілетін Қызметтердің көлемінің, құнының және сапасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігіне бақылау және қадағалау жүргізуге.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Осы Шартта және оған қосымшаларда көрсетілген Қызметтердің сапалы және уақтылы көрсетілуін, сондай-ақ Қызметтерді көрсету барысында немесе олар аяқталғаннан кейін анықталған кемшіліктердің жойылуын талап етуге;

4.4.7. Орындаушы кемшіліктерді жою бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Қызметтерді (немесе оның бір бөлігін) көрсетуді аяқтау немесе тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлауға;

4.4.8. Кез келген уақытта өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды тарту арқылы Қызметтердің орындалу барысы мен сапасын/Шарт талаптарының сақталуын, Қызметтер көрсету мерзімдерін, материалдар мен жабдықтардың болуы мен сапасын, автокөлік құралдары мен арнайы техниканың болуын, Орындаушы (бірлесіп орындаушылар) мамандарының біліктілігін және т.б. тексеруге, бұл ретте Орындаушы тиісті қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс. Тапсырыс беруші шарттық міндеттемелер талаптарының сәйкессіздіктері мен бұзушылықтарын анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші анықталған бұзушылықтарды Тапсырыс беруші мен Орындаушы өкілдері қол қоятын тиісті актіде көрсетеді (Орындаушының актіге қол қоюдан бас тартуы Шартта көзделген тиісті шараларды қолданбауға негіз болып табылмайды). Бұл ретте Орындаушыға (бірлесіп орындаушыға) көрсетілген сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Қызметтер көрсету үшін өндірістік объектілерге кіруге рұқсат берілмеуі мүмкін;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.9. Ескертулер болған жағдайда, олар толық жойылғанға дейін Көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюдан бас тартуға;

4.4.10. Төлем сомалары туралы ақпаратты қамтитын, оның ішінде осы Шарт бойынша төлемдер туралы мәліметтер көрсетілген банк көшірмесін, атап айтқанда Орындаушының атауын, шот нөмірін және төлем мақсатын көрсете отырып, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның қауіпсіз мекенжайына, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның сұрауы бойынша осы Шартқа қатысты кез келген ақпаратты ұсынуға;

4.4.11. Орындаушыдан Шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Орындаушының шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін сұратуға. Бұл ретте Орындаушыдан внутристраналық құндылықтың болжамды есебін ұсынуды талап етуге тыйым салынады;

4.4.12. Орындаушымен келісу бойынша Қызметтерді көрсету үшін қолданылатын қолда бар материалдар мен өзге де мүлікті өзара есеп айырысу есебіне босатуға;

4.4.13. Егер Тапсырыс берушіде Қызметтерге қажеттілікті азайту қажеттілігі туындаған жағдайда, оның ішінде мұнай бағалары конъюнктурасының төмендеуіне байланысты, Тапсырыс беруші өзіне мынадай құқықтарды қалдырады:

4.4.13.1. Шарттың қолданылу кезеңінде кез келген уақытта Шарттың 9.3-тармағына сәйкес Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

4.4.13.2. Қызметтерге қажеттілікті азайтуға қосымша келісім жасасу арқылы құқығы бар. Бұл ретте, Шарттың 4.4.13.1 және 4.4.13.2-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, Тапсырыс беруші Орындаушыға нақты көрсетілген Қызметтердің көлемі үшін ақы төлейді;

4.4.14. Орындаушының немесе бірлесіп орындаушының(-лардың) персоналы мен көлік құралдарының Тапсырыс берушінің объектілеріне кіруін Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларының және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін анықталған бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін шектеуге;

4.4.15. Шарт талаптарына сәйкес, Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағындағы кез келген уақытта және кез келген жерде/объектіде барлық көлік құралдары мен арнайы техниканы тиісті құжаттарымен (Қазақстан Республикасының көлік құралын тіркеу туралы куәлігі, жүргізуші куәлігі, жол жүру парағы, тауар-көлік жүкқұжаты, ТМҚ қабылдау-беру актісі және т.б.) тексеруге және қарап-тексеруге. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралының, арнайы техниканың және жүргізушінің келісімшарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге кіруіне жол бермеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының келісімшарттық аумағында құқық бұзушылық немесе қылмыс анықталған жағдайда оларды аумақтан шығаруға немесе Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары өкілдерін шақыруға құқылы.

4.4.16. Орындаушыдан өндірістік қуаттардың, активтердің және қаржылық тұрақтылығын растайтын өзге де құжаттардың бар екендігін растайтын ақпаратты сұратуға, сондай-ақ Орындаушыға барып тексеру жүргізуге.

5. Техникалық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы талаптар

5.1. Орындаушы міндетті:

5.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі еңбек қатынастары, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ), сондай-ақ табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы Тапсырыс берушінің регламенттеуші құжаттарына сәйкес Қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз етуге;

5.1.2. Қауіпсіздікті басқару жүйесінің, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану талаптарын және еңбек қатынастары саласындағы талаптарды сақтамау салдарынан туындайтын ықтимал оқиғалар мен олардың салдары үшін Тапсырыс беруші, мемлекеттік бақылаушы органдар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында толық жауапкершілік көтеруге;

5.1.3. Мемлекеттік бақылаушы органдар Орындаушының және оның жұмыскерлерінің қызметі нәтижесінде орын алған оқиғаларға байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеу және айыппұл санкцияларын төлеу туралы талап қойған жағдайда, Тапсырыс берушіге келтірілген залал сомалары мен айыппұлдарды төлеуге байланысты барлық шығындарды толық көлемде өтеуге.

5.1.4. Шарттың талаптарын, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының (саясаттар, қағидалар, оның ішінде Алтын қағидалар, нұсқаулықтар, регламенттер және т.б.) талаптарын, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың, оның ішінде еңбек және экологиялық заңнаманың, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану саласындағы талаптарды сақтауға, Қызметтерді қауіпсіз көрсету қағидатын ұстануға және өндірістік жарақаттануды нөлдік деңгейге жеткізуге ұмтылуға. Орындаушы осы бөлімде және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген талаптарды, шарттарды және стандарттарды сақтамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұза отырып, Орындаушыға Қызметтердің қалған көлемін орындауға тыйым салуға, не тыйым салуға негіз болған себептер жойылғанға дейін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға, немесе Қызметтер көлемін Тапсырыс беруші мүмкін деп есептеген Қызметтермен ғана шектеуге құқылы. Бұл ретте Орындаушы Шартта белгіленген мерзімдерге сәйкес Қызметтердің уақтылы орындалуы үшін жауапты болады.

5.1.5. Қызметтердің тиісті сападағы мамандандырылған көлікпен және жабдықпен көрсетілуін қамтамасыз етуге;

5.1.6. Өз есебінен Орындаушыға қажетті барлық рұқсат беру құжаттарын, оның ішінде лицензияларды, сертификаттарды және Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін мемлекеттік және өзге де органдар беретін басқа да рұқсаттарды, сондай-ақ кіру визаларын, тұруға рұқсаттарды, Қызметтерді көрсетуге байланысты еңбек қызметін жүзеге асыратын Орындаушының барлық жұмыскерлері, агенттері немесе қызмет көрсетуші персоналы үшін жұмысқа рұқсаттарды алуға және олардың қолданылуын толық көлемде қамтамасыз етуге;

5.1.7. Қызметтер көрсетілетін объектіде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, сондай-ақ объектінің өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

5.1.8. Орындаушы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін жеткілікті персоналдың тұрақты болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметтерді көрсетуге қатысатын Орындаушының кез келген қызметкерін, егер ол: * өз міндеттерін орындау кезінде біліксіздік немесе салғырттық танытса не Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін немесе оларға зиян келтіретін қызметке қатысса; * қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Шарт талаптарын сақтамаса, ауыстыруға міндетті.

5.1.9. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық ішкі талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда Орындаушының қызметін Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкестендіру бойынша іс-шараларды орындауға. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары Тапсырыс берушінің өндірістік құрылымының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен келісіліп, Орындаушы мен Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерімен бекітілуге тиіс;

5.1.10. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Орындаушы жұмыскерлерінің дайын болуын және заңнамалық талаптарға сәйкес олардың денсаулық жағдайын алдын ала ауысымдық/рейс алдындағы медициналық куәландырудан тиісті тәртіппен өтуін қамтамасыз етуге;

5.1.11. Қызметтер көрсетілетін учаскеде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының орындалуына жауапты өзінің уәкілетті өкілінің және Орындаушының өзге де жұмыскерлерінің тегін Тапсырыс берушіге хабарлауға;

5.1.12. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін бірлесіп орындаушыларды тартқан жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге бірлесіп орындаушының Шартта көрсетілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкестігі туралы ақпарат ұсынуға және Шарттың 3.3-тармағына сәйкес Тапсырыс берушіден Рұқсат – допуск алуға міндетті. Орындаушы бірлесіп орындаушылармен жасалатын шарттарға осы бөлімде көзделген талаптарды енгізуге және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы бірлесіп орындаушылармен жасалған шарттардың көшірмелерін ұсынуға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің шарт мәтініне қатысты ескертулері болған жағдайда, шартқа тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуге міндетті;

5.1.13. Орындаушының барлық жұмыскерлерінің Қызметтерді сапалы көрсету үшін қажетті тиісті мамандықтар бойынша тәжірибесі мен біліктілігінің болуын қамтамасыз етуге, еңбек тәртібін сақтауға және Қызметке немесе оны орындауға қатысты белгіленген барлық заңнамалық талаптарды, сондай-ақ Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарын орындауға. Орындаушы өзі қызметін жүзеге асыратын саладағы (индустриядағы) ең жоғары салалық стандарттарға сәйкес Қызметтерді көрсетуге міндетті. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы өз есебінен Қызметтер көрсету учаскесіне кіру үшін талап етілуі мүмкін Орындаушы жұмыскерлерінің қосымша оқытудан өтуін қамтамасыз етуге міндетті (мысалы, жүргізушілер үшін қорғаныш және қысқы жүргізу бойынша оқыту);

5.1.14. Тапсырыс берушіні Орындаушының және (немесе) бірлесіп орындаушылардың жұмыскерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянға, сондай-ақ Орындаушының жабдығы немесе мүлкінің жоғалуына, бүлінуіне немесе пайдаланылу мүмкіндігінің болмауына байланысты кез келген және барлық жауапкершіліктен, залалдардан, талап-арыздардан немесе шығындардан (оның ішінде сот шығындары мен шығыстарды қоса алғанда) қорғауға, олардың орнын толтыруға және осындай талаптардан босатуға. Бұл ретте, осы тармақшаға сәйкес Орындаушының жабдығы немесе мүлкі деп Қызметтерді көрсету үшін Орындаушыға тиесілі, жалға алынған немесе Орындаушы ұсынған барлық жабдық есептеледі, бұл ретте мұндай жағдайлар Тапсырыс берушінің абайсыздығына немесе міндеттерін тиісінше орындамауына қарамастан қолданылады;

5.1.15. Тапсырыс берушіні Орындаушының жұмыскерлерінен, жабдығынан немесе мүлкінен туындайтын қоршаған ортаның кез келген ластануына байланысты туындайтын кез келген жауапкершіліктен немесе шығындардан қорғауға, олардың орнын толтыруға және осындай талаптардан босатуға;

5.2. Оқиғалар туралы хабардар ету, ағымдағы көрсеткіштер және тергеп-тексеру жүргізу саласында:

5.2.1. Анықталған сәттен бастап 1 (бір) сағаттан кешіктірмей Тапсырыс берушіге барлық оқиғалар туралы, оның ішінде алғашқы медициналық және (немесе) білікті медициналық көмек көрсетілген жағдайлар, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ/Тапсырыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

берушінің алкоголь, есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың аналогтарына қатысты саясатын бұзу фактілері туралы ақпаратты дереу ұсынуға;

5.2.2. Оқиғаларды Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес тергеп-тексеруді ұйымдастыруға. Оқиғаларды тергеп-тексеру заңнамалық талаптарда және Тапсырыс берушінің ішкі талаптарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады, бұл ретте тергеп-тексеру комиссиясының құрамына Тапсырыс берушінің, Орындаушының және тартылған бірлесіп орындаушылардың (қажет болған жағдайда), сондай-ақ заңнамада көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің міндетті түрде қатысуы қамтамасыз етіледі. Тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысына қатысудан бас тартуға жол берілмейді;

5.2.3. Есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) күніне дейін ай сайын қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын Тапсырыс беруші тұлғасының жазбаша сұрауы бойынша, белгіленген есептілік нысандарына сәйкес, денсаулық сақтау, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы өз қызметінің нәтижелері туралы жедел ақпарат ұсынуға. Ұсынылатын ақпарат мыналарды қамтуы тиіс: * жұмыс уақытын жоғалтуға әкеп соққан барлық жазатайым оқиғалар (өндіріске байланысты және өндіріске байланысты емес), жол-көлік оқиғалары, сондай-ақ Тапсырыс берушінің объектілерінде болған оқиғалар (авариялар, өрттер, жарылыстар, мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуі, адамдардың өмірі мен денсаулығына және (немесе) қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соққан жағдайлар, мүлік пен жабдыққа келтірілген материалдық залал) туралы мәліметтер; * Тапсырыс берушінің объектілерінде Қызметтерді көрсетуге тартылған Орындаушы жұмыскерлерінің саны, сондай-ақ Қызметтер көрсету орнында Орындаушы персоналының атқарған жұмыс уақытының көлемі; * Орындаушының Тапсырыс беруші үшін Қызметтер көрсетуге тартылған автокөлік техникасының жалпы саны және көлік құралдарының жиынтық жүріп өткен қашықтығы туралы мәліметтер; * қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан өткен жұмыскерлер саны туралы мәліметтер; * қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға жұмсалған шығындар туралы мәліметтер.

5.2.4. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде Қызметтер көрсететін Орындаушының қызметіне тікелей немесе жанама байланысты мән-жайлар бойынша орын алған және Тапсырыс берушінің ішкі рәсімдеріне сәйкес Тапсырыс берушінің бастамасымен жүргізілетін оқиғаларды тергеп-тексеруге қатысуға. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде Қызметтер көрсету кезінде Орындаушыда орын алған оқиғалардың тікелей және түпкілікті себептерін тергеп-тексеру және талдау жөніндегі комиссия құрамына Тапсырыс берушінің жауапты тұлғасын енгізуге;

5.3. Көлік қауіпсіздігі саласында:

5.3.1. Тапсырыс берушінің кен орнында орналасқан Орындаушының арнайы техникасы, автокөліктері және (немесе) автобустары жақсы техникалық жұмыс жағдайында болуы, қауіпсіздік техникасының барлық талаптарына сәйкес келуі, сондай-ақ GPS терминалдар жүйесімен жабдықталуы тиіс. Орындаушы көлік құралдарының барлық GPS терминалдарын Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS мониторингі платформасына қосуға, оларды «Көліктік қамтамасыз етуді есепке алу» ақпараттық жүйесімен (ҚҚЕА АЖ) интеграциялауды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл интеграция маршрутты бақылау, жылдамдық режимін сақтау, жол парақтарын есепке алу және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де параметрлерді бақылау мақсатында жүзеге асырылады. Орындаушы қауіпті жүктерді (сұйытылған көмірсутекті газ, мұнай, газ конденсаты, қалдықтар және т.б.) тасымалдайтын көлік құралдарын GPS терминалдары жүйесімен байланыстырылған өлшеу құралдарымен жабдықтауға міндетті. Аталған құралдар цистерналардағы сұйықтық деңгейін үздіксіз өлшеуді қамтамасыз етуі және тасымалдау деректерін бақылауды жүзеге асыратын Тапсырыс берушінің диспетчерлік қызметіне қосылуы тиіс. Орындаушы барлық автокөлік түрлеріне көлік құралының белгілі бір мердігер ұйымға тиесілігін жедел анықтауға мүмкіндік беретін сәйкестендіру белгілерін (логотиптер, тақтайшалар және өзге де белгілер) орнатуға міндетті. Автокөлік құралдарының шиналары жол жүрісі қағидаларының талаптарына сәйкес келетін протектор суретінің жеткілікті биіктігіне ие болуы тиіс, ал қысқы кезеңде көлік құралдары алдыңғы және артқы қысқы шиналармен жабдықталуы қажет;

5.3.2. Орындаушы мыналарды қамтамасыз етуге міндетті: * жүргізушілерді оқытуды және олардың жеткілікті біліктілігін қамтамасыз етуге; * көлік құралдарына тұрақты техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге; * жүргізушілердің мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуін қамтамасыз етуге; * жолаушыларды, багажды, жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тұрақты және тұрақты емес тасымалдау маршруттарында жұмыс істейтін көлік құралдары жүргізушілерінің рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап-тексерулерден өтуін қамтамасыз етуге.

5.4. Жеке қорғаныс құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз ету және оларды қолдану саласында:

5.4.1. Орындаушының барлық персоналы жеке қорғаныс құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз етілуге және Қызметтер көрсету орнында тұрғын үй-жайлардан тыс болған кезде оларды пайдалануға міндетті;

5.4.2. Тапсырыс берушінің объектілеріне Қызметтер көрсету үшін алғаш рет келетін Орындаушының барлық персоналы кен орнындағы ЕҚжЕҚ инженері немесе Тапсырыс беруші тарапынан осы мақсатқа арнайы уәкілеттік берілген өзге тұлға өткізетін кіріспе нұсқамадан өтуге міндетті;

5.4.3. Қызметтер көрсету орнында Орындаушының персоналы азаматтық қорғау және еңбекті қорғау қауіпсіздігі салаларында тиісті оқудан және аттестаттаудан өткенін растайтын белгілері бар куәлікке ие болуға міндетті;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.4.4. Орындаушы Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің бірінші талабы бойынша азаматтық қорғау және еңбекті қорғау қауіпсіздігі бойынша оқыту мен аттестаттауды өткізу кестелерін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің объектілерінде Қызметтер көрсететін персоналға нұсқама жүргізу кестелерін ұсынуға міндетті.

5.5. Алкоголь, есірткі құралдарын және улы заттарды қолдануға тыйым салу:

5.5.1. Орындаушы міндетті: * алкогольдік, есірткілік немесе улы заттармен масаң күйдегі персоналды Қызметтерді көрсетуге жібермеуге (Қызметтерді көрсетуден шеттетуге); * Қызметтер көрсету орнында және персоналдың тұратын орындарында алкогольді, есірткі құралдарын немесе улы заттарды алып кіруге және сақтауға жол бермеуге, өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті заттарды қоспағанда.

5.5.2. Көрсетілген шектеулердің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс беруші Қызметтер көрсету орнына және персоналдың тұратын орнына жеткізілетін барлық көлік құралдарын, заттар мен материалдарды тексеруге және қарап-тексеруге құқылы;

5.5.3. Егер осындай қарап-тексеру нәтижесінде көрсетілген тыйым салынған заттар немесе масаң күйдегі персонал анықталған жағдайда, олар Қызметтер көрсету орнына немесе тұратын орынға жіберілмейді.

5.6. Еңбек қатынастары саласында:

5.6.1. Шарт бойынша Қызметтерді көрсету барысында Орындаушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын, оның ішінде төмендегі мәселелер бойынша талаптарды мүлтіксіз сақтауға міндетті: - еңбек шарттарын жасасу тәртібін, олардың мазмұны мен нысанына қойылатын талаптарды; - тұлғаны жұмысқа тек еңбек шарты жасалғаннан кейін ғана жіберу талаптарын; - жұмыс уақытының ұзақтығы мен режимін; - ауысымдық жұмыс пен вахталық әдіспен еңбекті ұйымдастыру тәртібін; - түнгі уақытта және үстеме жұмыстарды орындау тәртібін; - жұмыскерлердің демалыс уақытын; - ең төменгі жалақы мөлшерін және еңбекақы төлеу саласындағы кепілдіктерді; - жалақыны төлеу тәртібі мен мерзімдерін.

5.6.2. Өндіріс мәдениетінің заманауи деңгейін қамтамасыз ету, денсаулықты қорғау, еңбекке қабілеттілік пен еңбек өнімділігін арттыру мақсатында өз жұмыскерлері үшін мынадай әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті: 1) Орындаушының Шарт талаптарын орындау барысында тартылған барлық өндірістік қызмет орындарында ыстық тамақпен және ауыз сумен қамтамасыз ету, атап айтқанда: - сапалы, жұмыскерлердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын тамақтануды қамтамасыз ету және күнделікті бақылауды ұйымдастыру. Тағам ағзаға жақсы сіңімді, дәмі жағымды, пайдаланылатын өнім түрлері әртүрлі, химиялық құрамы тиісті деңгейде және ағзаның қажеттіліктерін толық қанағаттандыратын болуы тиіс. Ауыр дене еңбегімен айналысатын жұмыскерлер үшін энергия, ақуыз, май және көмірсулардың ұсынылатын тәуліктік мөлшері 3450-ден 3600 ккал-ға дейін болуы тиіс. Осыған байланысты жұмыскерлердің тамақ рационы жұмсалған энергияны толықтыруы және бір түскі асқа (кешкі асқа) кемінде 1500 ккал құрауы тиіс; - деформацияланған, шеттері сынған, жарықтары, сынықтары бар, эмалі зақымдалған ас үй және асхана ыдыстарын, алюминийден жасалған ас құралдарын, пластмасса және престелген фанерадан жасалған кесу тақтайларын пайдалануға жол бермеу; - тамақ дайындау орындары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келуі тиіс. Термостық тамақтандыру жағдайында да тағамды дайындаудың және жұмыскерлердің тамақ қабылдауының барлық кезеңдерінде жоғарыда көрсетілген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету қажет. 2) Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істейтін жұмыскерлерді (қала аумағынан тыс, едәуір қашықтықта орналасқан және жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын объектілерде) тұрғын үймен қамтамасыз ету, атап айтқанда: - вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлерді өндірістік объектіде болған кезеңінде тұрғын үймен қамтамасыз ету. Жатақханадағы тұрғын бөлмелердің ауданы бір адамға кемінде 6 м² есебінен белгіленуі тиіс; - төсек-орын жабдықтарын, сүлгілерді және басқа да жұмсақ мүкәммалды ауыстыруды кемінде аптасына 1 рет жүзеге асыру; - жуғыш және дезинфекциялаушы құралдарды пайдалана отырып, құрғақ және ылғалды тазалауды қажеттілігіне қарай күн сайын, бірақ тәулігіне кемінде 1 рет жүргізу; - өрт қауіпсіздігі шараларын, өрт дабылы мен түтін датчиктерінің үздіксіз жұмыс істеуін, ішкі өртке қарсы қорғау жүйесінің болуын қамтамасыз ету; - электр жабдықтары мен желілерінің, салқындату-жылумен қамтамасыз ету жүйелерінің, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйелерінің, желдету жүйелерінің үздіксіз және апатсыз жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ профилактикалық жұмыстарды жүргізу; - Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуғыш және дезинфекциялаушы құралдармен, қағаз сүлгілермен, дәретхана қағазымен және санитариялық-гигиеналық нормаларға сәйкес жатақханаларды таза ұстауға қажетті материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету. Егер Орындаушының Тапсырыс берушінің объектілерінде (қала аумағынан тыс, едәуір қашықтықта орналасқан және жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын объектілерде) жұмыскерлерін орналастыру үшін жеке тұрғын үй-жайлары болмаған жағдайда, Орындаушы өз жұмыскерлерін тұру жағдайларымен қамтамасыз ету мақсатында көрсетілген Тапсырыс беруші объектілеріндегі қолданыстағы тұрғын үй-жайларды пайдалануға қол жеткізу үшін шаралар қабылдауға міндетті. 3) Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істейтін жұмыскерлерді Тапсырыс беруші объектілеріне жеткізу және объектілер арасында тасымалдау үшін көлікпен қамтамасыз ету, бұл ретте: - Орындаушы жолаушылар тасымалын және көлік қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қажетті барлық рұқсат құжаттарына ие болуы тиіс; - жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік құралдары кондиционерлеу және (немесе) желдету жүйесімен, жылыту жүйесімен, жұмсақ орындықтармен жабдықталуы тиіс; автобустар мен шағын автобустардың салондары таза болуы, орындықтары зақымдалмаған және реттелетін болуы қажет; - көлік құралдары жайлылық талаптарына сәйкес келуі, барлық жолаушылар үшін қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталуы және жазғы әрі қысқы кезеңдерде толық техникалық жарақтандырылуы тиіс. 4) Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындауын қамтамасыз ету үшін жұмыскерлерді қажетті мөлшерде және жарамды күйдегі еңбек құралдарымен қамтамасыз ету, атап айтқанда:** - еңбек құралдарымен немесе механикалық еңбек құралдарымен (станоктар, машиналар, жабдықтар, аспаптар және т.б.) қамтамасыз ету.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.6.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушының Қызметтер көрсету процесін тоқтата тұруына жол берілмейді;

5.6.4. Қызметтер көрсетуге тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, Орындаушы осындай жағдайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға өз ұйымының бірінші басшысының тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;

5.6.5. Орындаушы еңбек жанжалдары туындаған кезеңде Қызметтер көрсетудің толық тоқтатылуына жол бермейтіндей етіп персоналдың жұмысын ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті;

5.6.6. Орындаушы ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, оны Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ Қызметтерді көрсету барысында кідірістердің барынша алдын алу мақсатында персоналды осындай жағдайларды реттеу жөніндегі шараларға уақтылы оқытуға міндетті;

5.6.7. Егер еңбек жанжалдарын Орындаушының өз күшімен реттеу мүмкін болмаған жағдайда, Орындаушы дауды барынша қысқа мерзімде шешу үшін білікті медиаторларды немесе мамандарды өз қаражаты есебінен тартуға міндетті, бұл ретте аталған іс-шараларды жүзеге асыруды алдын ала Тапсырыс берушімен келісуі қажет;

5.6.8. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда, қызметкерлердің ұжымдық талаптарына байланысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды (уәжді ұстаным, талаптарды қанағаттандыру мүмкін еместігін растайтын құжаттар және т.б.) Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті;

5.7. Жұмыскерлер арасындағы көңіл-күй туралы ақпаратты уақтылы алу мақсатында Орындаушының жұмыскерлермен өзара іс-қимыл жасау тәртібі.

5.7.1. Орындаушы жұмыскерлерінің көңіл-күйі туралы ақпаратты уақтылы алу және ұйым қызметі туралы жұмыскерлерді хабардар ету мақсатында Орындаушы ішкі коммуникациялардың мынадай тетіктерін қамтамасыз етеді: 1) Орындаушының бірінші басшысы жыл сайын бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 1 қыркүйекке дейін және жыл қорытындысы бойынша 1 наурызға дейін әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша өз жұмыскерлерімен кездесулер өткізеді. Аталған кездесулер барысында еңбек ұжымына Орындаушының өндірістік көрсеткіштері туралы ақпарат беріледі, ал Орындаушының басшылығы жұмыскерлердің сұрақтары мен ұсыныстарын жинап, оларға жауаптар ұсынады. Орындаушының бірінші басшысы өз ұйымы жұмыскерлерін жеке мәселелері бойынша қабылдауды айына кемінде бір рет жүзеге асырады; 2) Орындаушы өз жұмыскерлерінің өтініштерін қарауды және өтініш берушілерге қабылданған шешімдер туралы жауап беруді қамтамасыз етеді.

5.8. Тапсырыс берушінің Орындаушының Шарттың 5.6 – 5.9-тармақтарында көзделген талаптарды сақтауын тексеру мақсатында тексерулер жүргізу тәртібі.

5.8.1. Тапсырыс беруші Орындаушының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және осы талаптардың, оның ішінде Шарттың 5.6 – 5.9-тармақтарында көзделген ережелерін сақтауын тексеру мақсатында жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізуге құқылы. Тексеру нәтижелері осы Шарттың №6 қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша Тексеру парағын жасау арқылы рәсімделеді. Жоспарлы тексерулер жылына кемінде 1 рет жүргізіледі. Жоспардан тыс тексерулер мынадай негіздер бойынша жүргізіледі: Орындаушы жұмыскерлерінің заңды құқықтарының бұзылуына қатысты келіп түскен өтініштері мен шағымдары; бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар; мемлекеттік органдардан және өзге де көздерден, оның ішінде Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғаларынан келіп түскен мәліметтер. Тапсырыс беруші тексерулер жүргізген кезде Орындаушы: - Тапсырыс берушіге өзекті және объективті деректерді ұсынуға; - Тапсырыс берушінің әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік мақсаттағы барлық объектілерге қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

5.9. Орындаушының еңбек қатынастары саласындағы ілеспе міндеттемелері.

5.9.1. Орындаушы міндеттенеді: - еңбек ұжымындағы жағдайға әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы жағымсыз көріністердің туындауының ықтимал факторларын, себептерін, жағдайлары мен алғышарттарын анықтау және тіркеу мақсатында үздіксіз мониторинг пен талдау жүргізуге; - еңбек ұжымында әлеуметтік наразылықтардың туындауының нақты және ықтимал тәуекелдерін зерделеуге, бағалауға және болжауға; - қандай да бір әлеуметтік-еңбек жанжалдары туындаған немесе олардың туындау қаупі болған жағдайда Тапсырыс берушіге хабарлауға. Бұл ретте жұмыскерлер өкілдерімен келіссөздер процесіне қатысуға және туындаған жағдайды қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешу бойынша шаралар қабылдауға; - Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тартылатын қосалқы мердігер ұйымдарға осындай талаптарды белгілеуге.

5.10. Қоршаған ортаны қорғау саласында:

5.10.1. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 339-бабына сәйкес, Орындаушы осы Шарттың мәні болып табылатын Қызметтерді көрсету барысында өз қызметінің нәтижесінде түзілетін өндіріс және тұтыну қалдықтарының (өзінің шикізаты мен материалдарынан, сондай-ақ Тапсырыс беруші ұсынатын шикізат пен материалдардан түзілетін қалдықтарды қоса алғанда) меншік иесі болып табылады және «ластаушы төлейді» қағидатына сәйкес, мұндай қалдықтарды экологиялық заңнамаға сәйкес қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғаның иелігіне берген сәтке дейін қалдықтарды басқару бойынша экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге жауапты болады. Қалдықтарды орналастыру орындарына дейін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тасымалдауды мердігер ұйымдар өздерінің автокөлігімен немесе мердігерлік шарттар негізінде жүзеге асырады;

5.10.2. Орындаушы Қызметтерді көрсету барысында түзілетін барлық түрдегі қалдықтарды жинау, шығару және тасымалдау бойынша мамандандырылған ұйыммен жасалған шартқа ие болуы тиіс;

5.10.3. Егер Шарттың қолданылу кезеңінде Тапсырыс берушінің аумағында Орындаушының өндірістік базасы және/немесе тұрғын қалашығы орналастырылатын болса, Орындаушы Тапсырыс берушінің аумағында тазалық пен тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге, өндірістік сұйықтықтардың төгілуіне немесе аумақтың материалдармен, жабдықтармен негізсіз үйінділенуіне жол бермеуге, сондай-ақ Орындаушы жұмыскерлерінің аталған аумақ үшін белгіленген Тапсырыс берушінің режимін және талаптарды, нормативтік актілерді, оның ішінде экология, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге міндетті. Осы мақсатта Орындаушы инженерлік-техникалық қызметкерлер құрамынан Тапсырыс берушінің аумағында жоғарыда көрсетілген талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге жауапты тұлғаны тағайындайды;

5.10.4. Осы Шартта көзделген Қызметтерді көрсету барысында Орындаушы өз күшімен және қаражаты есебінен Қызмет көрсету объектісін және ұйымның орналасу орындарын өзінің қызметі нәтижесінде түзілетін өз қоқыстарынан және өндіріс пен тұтынудың барлық өзге де қалдықтарынан жүйелі түрде тазалауды қамтамасыз етеді;

5.10.5. Орындаушы қалдықтарды олардың орналастыру/түзілу орындарында орналастыру (уақытша жинақтау) кезінде экологиялық талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады;

5.10.6. Қызметтер аяқталғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс беруші тарапынан көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылғанға дейін кен орнының инженер-экологының қатысуымен Қызмет көрсету орнынан немесе орналасу базасынан өзінің барлық жабдықтары мен техникаларын, материалдардың артығын және т.б. шығарады, өзі тұрғызған уақытша ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектейді, осы Қызметтер нәтижесінде түзілген қалдықтарды шығарады және Қызмет көрсету орнын және/немесе орналасу базасын экологиялық талаптар мен санитариялық нормаларға сәйкес келетін жағдайда қалдырады, бұл ретте аланды Тапсырыс беруші комиссиясының актісі бойынша тапсырады;

5.10.7. Қызметтерді көрсету барысында Тапсырыс берушінің аумағында (контрактілік/контрактіден тыс аумақта) әртүрлі қалдықтар түрлерінің рұқсат етілмеген орындарда жиналуына жол бермеуге міндетті, олай болмаған жағдайда Орындаушыға осы Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады;

5.10.8. Орындаушы ай сайын әрбір есепті айдың 25-не дейін, сондай-ақ тоқсан сайын бір рет Тапсырыс берушіге осы Шарттың №7 қосымшасына сәйкес экологиялық рұқсаттарда белгіленген эмиссиялар нормативтеріне сай қоршаған ортаға әсер ету туралы есептерді (экологиялық есептерді) ұсынуға міндетті. Осы тармақта көзделген міндеттемелерді Орындаушы орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 6.2-тармағында белгіленген мерзім шегінде Орындаушыға Шарттың 6.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жібере отырып, орындалған жұмыстар актісіне қол қоюдан бас тартуға құқылы. Жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы;

5.10.9. Орындаушы өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 185-бабына сәйкес өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының талаптарын орындауға, қоршаған ортаға барлық ластау көздері мен әсер ету көздері бойынша өлшеулер жүргізуді ескере отырып, өндірістік мониторингті жүзеге асыруға және өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. Осы тармақта көзделген міндеттемелерді Орындаушы орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 6.2-тармағында белгіленген мерзім шегінде Орындаушыға Шарттың 6.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жібере отырып, көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюдан бас тартуға құқылы. Жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы;

5.10.10. Есепті кезең (тоқсан) аяқталғаннан кейін, төлем шотын алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Орындаушы осы Шарт бойынша ұсынған төлемдер тізіліміне сәйкес өзінің ластау көздерінен қоршаған ортаға шығарылатын шығарындылар үшін міндетті төлемдер бойынша Тапсырыс берушінің шығыстарын өтеуге міндетті. Төлем уақтылы жүргізілмеген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға тиесілі төлем сомасынан жоғарыда көрсетілген төлемдер бойынша шығыстар сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы;

5.10.11. Орындаушы ұсынылған экологиялық есептердің дұрыстығы мен шынайылығы үшін жауапты болады. Мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілген тексеру нәтижесінде бұзушылықтар анықталған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге салынған айыппұл сомасын толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

5.11. Өндірістік бақылау саласында:

5.11.1. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Орындаушының және (немесе) Қосалқы орындаушылардың Шарттың осы бабының ережелерін сақтауына бақылау жүргізуге құқылы. Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және азаматтық қорғау саласындағы заңнамалық талаптардың және Тапсырыс беруші белгілеген талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруы үшін Орындаушы Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерінің Қызмет көрсету орындарына, вахталық кенттерге және өндірістік базаларға кедергісіз баруын қамтамасыз етуге міндетті;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.11.2. Талаптардың бұзушылықтары анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға бұзушылықтарды жоюдың ұсынылатын мерзімдерін көрсете отырып, тиісті акт береді. Орындаушы (немесе) Қосалқы орындаушылар осындай актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, акт Тапсырыс беруші тарапынан біржақты тәртіппен рәсімделеді;

5.11.3. Егер Орындаушы қандай да бір себептермен бұзушылықтарды ұсынылған мерзімдерде жоя алмаса, онда Тапсырыс берушімен бірлесіп, бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді және онда келісілген мерзімдер көрсетіледі;

5.11.4. Орындаушы бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты ай сайынғы есептілік құрамында ұсынады;

5.11.5. Ішкі тергеу нәтижесінде Орындаушының кінәсі анықталған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында орын алған авариялар, инциденттер және жазатайым оқиғалар үшін Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді;

5.11.6. Тапсырыс беруші Орындаушының кез келген жұмыскерінің немесе Орындаушы тартқан үшінші тұлғалардың дене жарақатын алуына, мертігуіне немесе қайтыс болуына, егер бұл Тапсырыс берушінің кінәсінен болмаған жағдайда, сондай-ақ олар өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі және өндірістік санитария қағидаларын бұзған жағдайда жауапты болмайды;

5.11.7. Орындаушы немесе Қызметтерді көрсету үшін тартылған қосалқы мердігер ұйым жол-көлік оқиғаларын, инциденттерді, апаттарды, төтенше жағдайларды, сондай-ақ Тапсырыс берушінің аумағында қоршаған ортаны қорғау, техника қауіпсіздігі, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы қағидалары саласындағы талаптарды бұзуға жол берген жағдайда, келтірілген залалдың болуына немесе болмауына қарамастан, Орындаушыға осы Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады;

5.11.8. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Орындаушыдан Тапсырыс беруші үшін қосымша шығындарсыз, өз міндеттерін орындау кезінде біліксіздік танытқан немесе Тапсырыс берушінің пікірінше, өз міндеттерін тиісінше орындауға қабілетсіз болып табылатын, Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы әрекеттер жасағаны үшін айыпталған немесе мінез-құлқы Тапсырыс берушіге зиян келтіретін Орындаушының кез келген жұмыскерін жұмыстан шеттетуді талап етуге құқылы. Орындаушы мұндай талапты орындауға міндетті және қажет болған жағдайда Тапсырыс берушіге қосымша шығындар келтірмей, жұмыскерді дереу тиісті түрде ауыстыруды қамтамасыз етуге тиіс;

5.11.9. Орындаушы Қызметтерді көрсету барысында өзі жол берген еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ОТ, ПБ және ООС) саласындағы заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін, оның ішінде айыппұлдарды, өсімпұлдарды төлеуге, сондай-ақ осыған байланысты келтірілген залалды өтеуге дербес жауапты болады. Егер Тапсырыс беруші Орындаушының жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тартылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге осыған байланысты келтірілген барлық шығындарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

5.11.10. Қызметтерді көрсету барысында Тапсырыс берушінің жұмыскерлерімен болған оқиғаларға Орындаушының кінәсі болған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеуге міндеттенеді;

5.11.11. Орындаушының осы баптың талаптарын сақтамауы, сондай-ақ ОТ, ПБ және ООС талаптарын бірнеше рет бұзуы осы Шарт талаптарын елеулі түрде бұзу болып табылады және Тапсырыс берушіге осы Шартты біржақты тәртіппен бұзу құқығын береді. Бұл ретте Тапсырыс берушіде мұндай бұзуға байланысты Орындаушыға келтірілген залалдарды өтеу бойынша қандай да бір міндеттемелер туындамайды;

6. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Орындаушы Қызметтерді көрсетуді (не Тапсырыс берушіден Қызметтерді кезең-кезеңімен аяқтауды қабылдауға жазбаша келісім алған жағдайда, Қызметтердің тиісті кезеңін) аяқтағаннан кейін және Шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындаған соң, Шарт талаптарына сәйкес қол қою үшін Тапсырыс берушіге Көрсетілген қызметтер актісін, Шарттың № 3 қосымшасына сәйкес Қызметтердегі ел ішіндегі құндылық үлесінің нақты есебін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактураны ұсынады. Егер Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтер жабдыққа техникалық қызмет көрсетуге, оны жөндеуге және/немесе монтаждауға байланысты болса, онда Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісімен бірге Тапсырыс берушіге Тараптардың екеуі де қол қойған мынадай құжаттарды қосымша ұсынады: - жөндеу қоры бойынша тауарлық-материалдық құндылықтарды қабылдау-беру актісі (Тапсырыс беруші бекіткен нысан бойынша); - жөндеу қоры бойынша тауарлық-материалдық құндылықтарды орнату актісі (Тапсырыс беруші бекіткен нысан бойынша); - Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында көзделген өзге де актілер.

6.2. Тапсырыс беруші Орындаушымен бірлесіп көрсетілген Қызметтердің сапасы мен көлемін тексереді және 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қою арқылы аяқталған Қызметтерді қабылдайды.

6.3. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актілерін Тапсырыс беруші белгілейтін тәртіппен онлайн-платформаны пайдалана отырып электрондық форматта келісуді және оларға қол қоюды талап етуге құқылы, ал Орындаушы оларды келісуге және қол қоюға міндеттенеді.

6.4. Қызметтерді қабылдау кезінде Шарт талаптарынан ауытқулар және өзге де кемшіліктер, оның ішінде Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша Орындаушыдан мыналарды талап етуге құқылы: 1) Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде Қызметтердің кемшіліктерін өтеусіз жоюды; 2) Қызмет үшін белгіленген бағаны тиісінше

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

азайтуды. Барлық кемшіліктер Тараптар жеке актімен не Қызметтерді қабылдауды куәландыратын өзге құжатта, не Тапсырыс берушінің Орындаушыға жазбаша түрде жолдаған, оларды жою мерзімі көрсетілген хабарламасында көрсетіледі.

6.5. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін нәтиже алынғанға дейін қайталанады. Бұл ретте осы Шарт бойынша Тапсырыс берушінің Қызметтердің ақысын төлеу жөніндегі міндеттемесінің орындалу мерзімі осындай қабылдау рәсімі жүргізілген кезеңге ұзартылады. Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметтердің құнын төлемеуге құқылы.

6.6. Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында көрсетілген Қызметтердің кемшіліктеріне немесе олардың туындау себептеріне қатысты дау туындаған жағдайда, Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша сараптама тағайындалуға тиіс, оның қорытындысы екі Тарап үшін де міндетті болып табылады. Сараптаманы жүргізуге байланысты шығыстарды Орындаушы көтереді, бұған сараптама нәтижесінде Шарт талаптарының бұзылмағаны немесе Орындаушының әрекеттері мен анықталған кемшіліктер арасында себеп-салдарлық байланыстың жоқ екені анықталған жағдайлар кірмейді. Мұндай жағдайларда сараптама жүргізуге байланысты шығыстарды оны тағайындауды талап еткен Тарап көтереді, ал егер сараптама Тараптардың келісімі бойынша тағайындалса, шығыстарды екі Тарап тең үлеспен көтереді.

6.7. Анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін Шарт бойынша Көрсетілген қызметтер актісіне екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қояды.

6.8. Шарт веб-порталда жасалған жағдайда, Орындаушы Шарттың 6.1-тармағында көзделген қағаз жеткізгіштегі құжаттармен бір мезгілде аталған құжаттарды Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық түрде де жіберуге міндетті.

7. Кепілдіктер және Сапа

7.1. Көрсетілген барлық Қызметтердің сапасы Шартқа қосымшаларда көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құжаттардың (ГОСТ, ҚР СТ, ТШ, ОСТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуге тиіс.

7.2. Көрсетілген Қызметтер бойынша кепілдік міндеттемелер Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісіне қол қойылған сәттен бастап 12 (он екі) ай ішінде қолданылады.

7.3. Аяқталған объектіні пайдалану барысында жасырын кемшіліктер, ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 630-бабында көзделген жалпы мерзімдер ішінде және Шарттың 7.2-тармағында көзделген кепілдік мерзімі ішінде өз таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 635-бабында көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыруға не Орындаушыдан Қызметтерді қайтадан өтеусіз көрсетуді немесе Тапсырыс берушінің кемшіліктерді өз қаражаты есебінен жоюға жұмсаған шығындарын өтеуді талап етуге құқылы.

7.4. Орындаушы пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасына, олардың жобалық ерекшеліктерге, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігіне, сондай-ақ олардың сапасын куәландыратын тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және басқа да құжаттармен қамтамасыз етілуіне кепілдік береді.

7.5. Орындаушы көрсетілетін Қызметтер бойынша барлық рұқсат беру құжаттарының, оның ішінде орнатылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарға арналған рұқсаттардың, лицензиялардың, сертификаттардың бар екендігіне кепілдік береді.

7.6. Шарт талаптарынан ауытқулардың немесе өзге де кемшіліктердің анықталуы Орындаушыны Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушінің кейіннен көрсетілетін Қызметтердің мерзімдеріне, көлеміне және сапасына қатысты талаптар қою құқығынан айырмайды.

7.7. Орындаушы осы арқылы Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Қызметтердің нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге Қызметтердің нәтижелеріне қатысты айрықша құқықтар бойынша талаптар қойған жағдайда, осы кепілдіктердің талаптары бұзылған кезде Орындаушы Тапсырыс берушіге осыған байланысты келтірілген барлық залалдарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Орындаушының жауапкершілігі:

8.2.1. Орындаушының шарттық міндеттемелерін бұзғаны үшін Тапсырыс беруші мынадай санкцияларды қолдануға құқылы: Шартты бұзу және/немесе Тапсырыс берушіге мынадай мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеу:

8.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

8.2.3. Өнім беруші белгіленген тәртіппен сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Өнім беруші міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауап береді, оны Өнім беруші төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдап алу - тапыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

8.2.4. Орындаушы Шартта келісілген Қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ өсімпұл мөлшері Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайды.

8.2.5. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін өсімпұл төлейді, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде.

8.2.6. Қызметтердегі ішкі құндылықтың нақты есебін ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін өсімпұл төлейді, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайды.

8.2.7. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерін) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдайы үшін көрсетілуі жүзеге асырылмаған не тиісінше көрсетілмеген Қызметтердің жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлейді.

8.2.8. Орындаушының қызметкерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын оның қосалқы орындаушылары арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

8.2.9. Мердігер ұйымдарға қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамағаны/бұзғаны үшін Орындаушы/қосалқы орындаушы Шартқа №5 қосымшада көзделген жауаптылықта болады.

8.2.10. Осы Шарттың 8-бөлімінде және Шартқа №5 қосымшада көзделмеген, осы Шартты орындау кезінде өзге де бұзушылықтар анықталған жағдайда, Орындаушы осы Шартқа сәйкес ресімделген құжаттың негізінде Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұл төлейді.

8.2.11. Тапсырыс беруші Шарттың 9.3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың 8.2.7-тармағында көзделген айыппұлды төлеуге міндетті.

8.2.12. Осы Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлерге еңбек жалақысын белгілеу бойынша Міндеттемелер шартының талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда Орындаушы орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Орындаушы төлеуі немесе Тапсырыс берушімен шегеріліп қалуы тиіс Шарттың жалпы құнынан кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті өзіне алуға жауапты болады.

8.2.13. Шартты орындау үшін тартылған Мердігердің жұмыскерлерінің еңбек жалақысын және әлеуметтік қолдау көрсету шығындарын ұлғайту бойынша Міндеттемелер шартының талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда Орындаушы орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Орындаушы төлеуі немесе Тапсырыс берушімен шегеріліп қалуы тиіс Шарттың жалпы құнынан кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті өзіне алуға;

8.2.14. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жасаған және Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда және (немесе) Шарт тоқтатылған кезде (оның ішінде оны бұзу арқылы), Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабардар етуге және Тапсырыс берушінің алғашқы жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (жұмыстарды/қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен жұмсалуы расталмаған бөлігін) талап жіберілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшалай қаражатын заңсыз пайдаланғаны үшін қайтарылуға жататын соманың әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

8.2.15. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған, орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарттың 8.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу туралы талаптардан басқа, Тапсырыс беруші Шарттың 9.3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

8.2.16. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық көлемде өтелуге тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.2.17. Тапсырыс беруші Қызметтердегі кемшіліктерді өз күшімен және өз қаражаты есебінен жойған жағдайда, Орындаушы мұндай шығындарды Тапсырыс берушіге өтейді;

8.3. Орындаушы осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

8.4. Егер Орындаушы Шартта белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда осы Шартты Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен бұзады, әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз ету ұстап қалынады, Орындаушы туралы мәліметтерді Қордың сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жіберіледі, бұған Орындаушы сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін толық әрі тиісінше орындаған жағдайлар кірмейді.

8.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Шарттың 12 бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушы Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті, айыппұл төлеу тиісті төлем талабын алған сәттен бастап күнтізбелік 7 күн ішінде жүргізіледі.

8.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.6.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

8.6.2. Орындаушыға ұсынылған аванстық төлемді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

8.6.3. Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдауды кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

8.6.4. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

8.6.5. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

8.6.6. Тапсырыс берушінің құжаттарды ұсынуды негізсіз кешіктірген жағдайда (егер шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсету үшін Тапсырыс берушінің Орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кешіктіруден келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге, сондай-ақ Шарт талаптарына өзгерістер енгізбестен, Қызметтерді көрсету мерзімін осындай кешіктіруге мөлшерлес ұзартуға құқылы.

8.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.8. Орындаушы тұрақсыздық айыбын төлеуді Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасы қол қойған тиісті жазбаша хабарламаны алған сәттен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде жүзеге асырады. Орындаушы Тапсырыс берушінің Орындаушыға тұрақсыздық айыбын төлеу үшін ұсынған шоты көрсетілген қызметтер үшін төлем және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша өзара біртекті талаптарды есепке жатқызуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

8.9. Егер Орындаушы Қызметтерді уақтылы орындамау немесе Қызметтердің барлығын не бір бөлігін орындамау Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдеген жағдайда, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы.

8.10. Шарттың 8-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше мән-жайлар туындаған кезде, Тапсырыс беруші бір мезгілде бірнеше айыппұл санкцияларын қолдануға шектеусіз құқылы.

8.11. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

8.12. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.13. Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Қызметтер іс жүзінде Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем сомасынан аз сомаға орындалған кезде, Тапсырыс беруші аванстық қайтаруды қамтамасыз ету үшін енгізілген сомадан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

8.14. Орындаушы Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған осы Шарт және өзге де шарттар бойынша төленуге жататын сомалардан Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан туындаған, Тапсырыс берушіге тиесілі және өтелуге жататын нақты залал мен айырылып қалған пайданы ұстап қалуға Тапсырыс берушінің құқылы екендігімен келіседі.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

9.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

9.3.1. Тапсырыс беруші Қызметтерді алудың негізді түрде орынсыздығына байланысты Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы, атап айтқанда:

9.3.1.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы өзге де жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығындары қысқарған жағдайда;

9.3.1.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда, Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (Тапсырыс берушіде алқалы атқарушы орган/Байқау кеңесі болмаған жағдайда – басқару органының/жоғары органның (қатысушылардың жалпы жиналысының) шешімі негізінде).

9.3.1.3. Шарт Тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде. Сатып алу туралы шартты орындаудан Қызметтерді көрсетудің негізді орынсыздығына байланысты бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға оның іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

9.3.2. Шартты бұзу Орындаушы банкрот деп жарияланған, төлем қабілетсіз деп танылған, сондай-ақ Қызметтерді жүзеге асыру құқығына арналған рұқсат беру құжаттарының (лицензиялардың), оның ішінде Орындаушыны Қызметтерді орындау құқығынан айыратын өзге де құжаттардың қолданылуы тоқтатылған немесе болмаған жағдайларда дереу жүзеге асырылады. Осы тармақтың талаптарын Тапсырыс беруші Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауын шектейтін сот актілері, сот орындаушыларының қаулылары негізінде де қолдануы мүмкін.

9.4. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге, күші жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күні айқындалуға тиіс. Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты бұзылған жағдайда, Орындаушы Шарт бұзылған күнге дейін Шартты орындауға байланысты нақты шеккен шығындардың ғана төленуін талап етуге құқылы.

9.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

9.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

10. Хат-хабар

10.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес жазбаша түрде жасалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе өзге де хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы жіберілуге тиіс, бұл ретте

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

факсимильдік/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасы кейіннен ұсынылады, уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылған және Орындаушының ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жіберілген хат-хабарларды қоспағанда. Егер Шартта Орындаушының электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және Орындаушы оны Тапсырыс берушіге ұсынбаса, Орындаушының ресми электрондық мекенжайы ретінде Веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай есептеледі. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Тараптардың деректемелері және Шарттың нөмірі көрсетілуге тиіс.

10.2. Электрондық және/немесе тапсырыс хатпен, курьерлік пошта арқылы, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғанын растайтын дәлелдер болмаған жағдайда) оны алғаны туралы белгі қойылған сәтте жіберілген болып есептеледі.

10.3. Тапсырыс (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің пошта жөнелтілімінің жеткізілгенін растайтын мөртаңбасы болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

10.4. Тараптар заңды мекенжайға, нақты мекенжайға және банктік деректемелерге қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда бір-бірін дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының (су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, диверсия, терроризм, Қызметтерді көрсетуге тыйым салатын немесе қандай да бір өзге түрде кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) салдарынан болған жағдайда, осы мән-жайлар Тараптардың еркіне байланысты болмаған және Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеген жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

12.2. Тараптардың кез келгені еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде, олар туындаған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде басқа Тарапты осы мән-жайлардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Осы мән-жайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуға тиіс.

12.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары әрекет еткен уақыт кезеңіне, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарға сәйкес мерзімге кейінге шегеріледі.

12.4. Шарттың 12.2-тармағында белгіленген тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

12.5. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі 2 (екі) айдан астам уақыт бойы сақталса, Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуды жүргізуге құқылы.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шарттан туындайтын Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

13.2. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралуға жатады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Орындаушы төменде көрсетілген ескертпелер бойынша кепілдіктерді сақтайды: - (мемлекетпен байланысты тұлға болып табылады/болып табылмайды) және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей не жанама иелері болып табылатын Саяси маңызы бар тұлғалары (бар/жоқ). Орындаушы қандай да бір Саяси маңызы бар тұлға Орындаушының лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған немесе Орындаушының тікелей немесе жанама қатысу үлесін иеленген барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді; - қандай да бір заңсыз мақсаттар үшін емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және тек заңды қаржыландыру көздеріне ие; - Орындаушы және оның Аффилиирленген тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған және кінәлі деп танылмаған. Орындаушы Орындаушының немесе оның қандай да бір Аффилиирленген тұлғаларының осындай құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталғаны немесе кінәлі деп танылғаны туралы Тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді; - Орындаушы Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында орналастырылған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) іскерлік әдеп кодексімен және Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын растайды. Орындаушы ҚМГ іскерлік әдеп кодексін және Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетінін куәландырады.

15. Құпиялылық

